

Кредит-қаржы үйымдарындағы жеке тұлғалардың салымдарына кепілдік беру (сақтандыру) жүйелерін үйлестіру туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкметінің 2006 жылғы 29 маусымдағы N 599 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Кредит-қаржы үйымдарындағы жеке тұлғалардың салымдарына кепілдік беру (сақтандыру) жүйелерін үйлестіру туралы келісім жобасы макулдансын.

2. Кредит-қаржы үйымдарындағы жеке тұлғалардың салымдарына кепілдік беру (сақтандыру) жүйелерін үйлестіру туралы келісімге қол қойылсан.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Кредит-қаржы үйымдарындағы жеке тұлғалардың салымдарына кепілдік беру (сақтандыру) жүйелерін үйлестіру туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын 2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысуыш мемлекеттердің үкіметтері, халықаралық саудадағы жалпыға бірдей қабылданған нормалар мен ережелерді басшылышқа алған отырып,

Біртұтас экономикалық кеңістік (бұдан әрі - БЭК) құру жөніндегі үйлестірілген іс-шараларды жүзеге асыру және осы мақсаттар үшін БЭК құру туралы келісімге қатысуыш мемлекеттердің жеке тұлғаларының салымдарына (депозиттеріне) (бұдан әрі - салымдар) кепілдік беру (сақтандыру) жүйелерін үйлестіру қажеттілігін растай отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Келісімге қатысуыш мемлекеттердің салымдарына кепілдік беру (сақтандыру) жүйесін үйлестіру жөніндегі келісілген іс-шаралардың мақсаты Келісімге қатысуыш мемлекеттердің кредит-қаржы үйымдарындағы салымдарға кепілдік берудің (сақтандырудың) ең үздік халықаралық банктік практикаға негізделген ұлттық жүйелерін құруы болып табылады.

2-бап

Мәлімделген мақсаттарды іске асыру үшін Тараптар кредит-қаржы үйымдарындағы салымдарға кепілдік беру (сақтандыру) саласындағы нормативтік құқықтық базаны құру жөніндегі жұмысты жүзеге асыру

кезінде ұлттық банктік жүйелердің ағымдағы жай-күйін ескере отырып, мынадай негізгі қағидаттарды басшылыққа алуға міндеттенеді:

кредит-қаржы ұйымдарының салымдарға кепілдік беру (сақтандыру)
жүйесіне қатысу міндettілігі;

кредит-қаржы ұйымдары өз міндettемелерін орындамаған жағдайда салымшылар үшін қолайсыз салдардың туу тәуекелін азайту;

салымдарға кепілдік беру (сақтандыру) жүйесі қызметінің ашықтығы;

салымдарға кепілдік беру (сақтандыру) жүйесіне қатысушы - кредит-қаржы ұйымдарының тұрақты жарналары есебінен салымдарға міндettі кепілдік беру (сақтандыру) қорын қалыптастырудың жинақтаушылық сипаты;

салымдар бойынша өтемақы төлеудің (төлемнің шектік мөлшері) шектеулі сипаты;

салымдарға кепілдік беру (сақтандыру) жүйесін қаржыландыруға және қолдауға мемлекеттің қатысу;

шетел азаматтарының немесе азаматтығы жоқ адамдардың салымдарына да Келісімге қатысушы мемлекеттердің азаматтары сияқты шарттарда кепілдік беру (сақтандыру).

3-бап

Кредит-қаржы ұйымдарындағы салымдарға кепілдік беру (сақтандыру) саласында нормативтік құқықтық база құру жөніндегі іс-шараларды үйлестіру мақсатында Тараптар осы саланы заңнамалық реттеудің жоспарланып отырған және жүзеге асырылатын өзгерістері туралы бір-бірін хабардар етуге міндеттенеді.

4-бап

Тараптар қажет болған кезде салымдарға кепілдік беру (сақтандыру) саласында, оның ішінде кредит-қаржы ұйымдарындағы салымдарға кепілдік беру (сақтандыру) саласындағы нормативтік құқықтық базадағы БЭК құруға кедергі келтіретін елеулі айырмашылықтар мәселелері бойынша Тараптар пайдаланатын негізгі тәсілдер бойынша өзара консультациялар өткізуге міндеттенеді.

5-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және/немесе қолдануға қатысты Тараптардың арасындағы даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасында консультациялар және келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда Тараптардың кез келгені дауды БЭК шенберіндегі Дауларды шешу жөніндегі органға шешуге бере алады.

6-бап

Осы Келісімге ескертпелер жасауға жол берілмейді.

7-бап

Кез келген мемлекет осы Келісімнің қатысушысы бола алады.

Осы Келісімге қосылудың шарттары осы Келісімге қатысушы мемлекеттер мен қосылатын мемлекет арасында жасалатын халықаралық шартта айқындалады.

8-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша хаттамамен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізуі мүмкін.

9-бап

Осы Келісімнің күшіне ену және одан шығу тәртібі Біртұтас экономикалық кеңістік құру жөніндегі халықаралық шарттардың күшіне ену және олардан шығу тәртібі туралы хаттамада белгіленеді.

200 жылғы <__> қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа дана Депозитарийде сақталады. Депозитарийдің функциялары БЭК комиссиясына берілгенге дейін Қазақстан Республикасы осы Келісімнің Депозитарийі болып табылады.

Депозитарий осы Келісімге қол қойған Тараптардың әрқайсысына оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

Беларусь Республикасының Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін
Ресей Федерациясының Украинаның
Үкіметі үшін Министрлер Кабинеті үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК